

Орталық аттестациялық комиссия туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Әділет министрі 1997 жылғы 24 қарашадағы N 110 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 3 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 424. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 25 мамырдағы N 148 (V042881) бұйрығымен.

"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 106-бабын басшылыққа ала отырып, Бұйырамын:

Орталық аттестациялық комиссия туралы ұсынылған Ереже бекітілсін.

Орталық аттестациялық комиссия туралы 26.07.97ж. Ереженің күші жойылды деп танылсын.

ЕРЕЖЕ

1. Мәтін бойынша әрі қарай "Орталық комиссия" аталатын Орталық аттестациялық комиссия аймақтық аттестациялық комиссиялардың шешімдеріне шағымдарды қарау үшін, аттестация басталған күннен бастап, бір жыл ішінде дәлелді себептер бойынша аймақтық аттестациялық комиссияға екінші рет келмеген мемлекеттік нотариустардың аттестациясын өткізуге, сондай-ақ нотариустардың аттестациясы үшін сұрақтар тізімін бекітеді.

2. Орталық комиссия Қазақстан Республикасының Әділет министрімен басқа құқықтық кәсіптік тәжірибелі нотариустардың, жоғары білікті мамандар санынан құралады.

3. Орталық комиссияның қызметіне басшылықты Қазақстан Республикасының Әділет министрі жүзеге асырады.

4. Орталық комиссия хатшысы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі аппаратының қызметкерлері санынан тағайындалады.

5. Орталық комиссияның мәжілістері қажетті шамада өткізіледі.

6. Аймақтық аттестациялық комиссияның шешімдеріне шағым нотариуспен Орталық комиссияға аймақтық комиссия шешімдерінің көшірмесін алған күннен бастап он күн мерзім ішінде беріледі.

7. Орталық комиссияға берілген шағым тіркелуге жатады және оны қарау күні туралы арыз берушіге комиссия мәжілісіне дейін жеті күннен кешіктірілмей хабарланады.

8. Орталық комиссия аймақтық аттестациялық комиссияның шешіміне ол түскен күннен бастап отыз күн ішінде аймақтық аттестациялық комиссияның алғашқы материалдарының көшірмелерін талап етумен қаралады және мына

шешімдердің бірін қабылдайды:

- нотариустың аттестацияланбағаны туралы аймақтық аттестациялық комиссия шешімімен келісімі туралы;

- нотариустың аттестациядан өткендігі туралы (аймақтық аттестациялық комиссияның шешімдерін бір уақытта бұзумен).

9. Аймақтық аттестациялық комиссияның шешіміне арызды қараушы адам Орталық аттестациялық комиссияның мәжілісіне қатысуға және қажетті түсініктер беруге құқылы.

10. Арыз беруші адамға қажет жағдайда Орталық комиссия арқылы жауаптар жазбаша немесе ауызша берілетін қосымша сұрақтар беруі мүмкін.

11. Орталық комиссия аттестацияланушының жазбаша арызы негізінде және аймақтық аттестациялық комиссияға келмеудің дәлелді себептерін растайтын құжаттарды аймақтық аттестациялық комиссияларға белгіленген тәртіпте дәлелді себептер бойынша аймақтық аттестациялық комиссияға екінші рет келмеген нотариустарды аттестациядан өткізеді.

12. Орталық комиссияның мәжілістері, егер оның мүшелерінің кемінде төрттен үші қатысса, құқылы болады.

13. Орталық комиссияның шешімі, егер ол үшін комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, қабылданған болып есептеледі.

Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Дауыс беру ашық жүргізіледі.

Қабылданған шешім туралы өтініш берушіге немесе аттестацияланушыға сол күні жазбаша түрде хабарланады.

Шешімге комиссия мәжілісі мүшелерінің барлық қатысушылары қол қояды.

Орталық комиссияның шешімі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде сақтауға қалдырылады.

Шешімге Орталық комиссияның құрамы қол қояды.

14. Орталық аттестациялық комиссияның шешімдері шешуші болып табылады.

Б е к і т е м і н
Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

28 қараша 1997 ж.

**Орталық аттестациялық комиссияның
ҚҰРАМЫ**

- | | |
|----------------------------------|---|
| 1. Мұхамеджанов Бауыржан Әлімұлы | - Әділет министрі,
комиссия төрағасы |
| 2. Төкеев Алмасбек Жахангерейұлы | - Ішкі әкімшілік |

Департаментінің
директоры, комиссия
х а т ш ы с ы

3. Горбатенко Зоя Колуновна

- Ақмола қаласының
N 2 нотариалдық
кеңсесінің нотариусы

4. Дауылбаев Асхат Қайзоллаұлы

- Әділет вице-министрі

5. Жалыбин Сергей Михайлович

- ҚР Парламенпен
байланыстар жөніндегі

х а т ш ы

6. Жиленкова Людмила Анатольевна

- заң ҒЗИ бөлім
меңгерушісі

7. Мочалова Галина Евгеньевна

- Алматы қаласының N 16
мемлекеттік кеңсесінің

мемлекеттік нотариусы